

Шет елдердегі дипломатиялық қызмет персоналының еңбек шарттарын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 6 қаңтардағы N 23 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 20 тамыздағы № 571 қбп қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 20.08.2021 № 571 қбп қаулысымен.

"Қазақстан Республикасының дипломатиялық қызметі туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 7 наурыздағы Заңының 27-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған шет елдердегі дипломатиялық қызмет персоналының еңбек шарттары бекітілсін.

2. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007.12.28. N 1339 (01.01.2008 бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

3. Мыналардың күші жойылды деп танылсын:

1) "Қазақстан Республикасы қызметкерлерінің шетелдегі еңбек жағдайлары туралы ережелерді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 31 мамырдағы N 577 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1994 ж., N 24, 250-құжат);

2) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 9 тамыздағы N 987 қаулысымен (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1996 ж., N 33, 313 -құжат) бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістердің 11-тармағы;

3) "Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 31 мамырдағы N 577 қаулысына өзгеріс енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 22 қазандағы N 1586 қаулысы.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2006 жылғы 6 қаңтардағы
N 23 қаулысымен
бекітілген

Шет елдердегі дипломатиялық қызмет персоналының еңбек шарттары

1. Жалпы ережелер

1. Осы шет елдердегі дипломатиялық қызмет персоналының еңбек шарттары (бұдан әрі - шарттар) еңбекке ақы төлеудің, оны нормалаудың, жұмыс уақыты мен демалыс уақыты режимінің шарттарын, кәсіптерді (лауазымдарды) қоса атқару, уақытша жұмыста болмаған қызметкердің міндеттерін орындау, еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау тәртібін, сондай-ақ шет мемлекеттердің аумағында кәсіби қызметті тиісінше жүзеге асыруға байланысты дипломатиялық қызмет персоналы еңбегінің өзге де шарттарын белгілейді.

Шетелдік мекемелерге жергілікті жерде, оның ішінде дипломатиялық қызмет персоналының отбасы мүшелері қатарынан жұмысқа қабылданған штаттан тыс қызметкерлердің еңбек шарттары Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің бұйрығымен бекітіледі.

2. Осы шарттардың әрекеті "Қазақстан Республикасының дипломатиялық қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген жағдайларда дипломатиялық қызмет персоналының (оның ішінде еңбекке жарамсыз) отбасы мүшелеріне де қолданылады.

Қазақстан Республикасы дипломатиялық қызмет персоналының отбасы мүшелеріне жұбайы, зайыбы, 18 жасқа дейінгі балалары және 18 жасқа толғанға дейін мүгедек болған 18 жастан ересек балалары, сондай-ақ іссапарға жіберілген дипломатиялық қызмет персоналымен бірге, сол сияқты бірге де және олардан бөлек те тұру үшін шетелге шығатын еңбекке жарамсыз ата-аналары жатады.

Қазақстан Республикасының дипломатиялық қызмет персоналының бірге баратын отбасы мүшелерінің құрамы Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің (бұдан әрі — Министр) бұйрығымен және осы шарттардың 40-тармағына сәйкес берілетін есеп айырысу аттестатымен айқындалады.

Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 18.03.2016 № 151 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

3. Қазақстан Республикасының Президенті Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындайтын және қызметтен босататын лауазымды адамдарды қоспағанда, шетелде дипломатиялық қызмет персоналын қызметке тағайындау, қызметтен босату және өзге де лауазымдық орын ауыстыру Министрдің шешімдері негізінде " жүзеге асырылады.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 18.03.2016 № 151 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

2. Қазақстан Республикасынан шет мемлекетке іссапарға жіберу және шет мемлекеттен Қазақстан Республикасына іссапарға жіберу

4. Шет мемлекетке және қайтадан Қазақстан Республикасына іссапарға жіберілуіне байланысты дипломатиялық қызмет персоналына және олардың отбасы мүшелеріне әуе немесе теміржол көлігінің көліктік шығыстарына:

1) Қазақстан Республикасының Төтенше және Өкілетті Елшілеріне, Қазақстан Республикасының халықаралық ұйымдар жанындағы Тұрақты өкілдеріне әуе көлігін пайдаланған кезде - "Бизнес" класс тарифі бойынша, теміржол көлігімен жол жүрген кезде - "СВ" санатындағы вагонның 2-орындық купесінің, сондай-ақ жүрдек фирмалық поездың "Турист" және "Бизнес" кластарының жолақысы құны мөлшерінде;

2) дипломатиялық қызметтің өзге персоналына әуе көлігін пайдаланған кезде - экономикалық кластың тарифі бойынша, теміржол көлігімен жол жүрген кезде - жүрдек фирмалық поездың купелік вагонының жолақысы құны мөлшерінде өтемақы төленеді.

Жол жүру билетін ауыстырған немесе қайтарған кезде айыппұлдар немесе өзге де алымдар, егер қайтару Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің (бұдан әрі — министрлік) хатының негізінде жүргізілген жағдайда, қажеттілігі болған кезде растайтын құжаттарды қоса бере отырып, өтеледі.

Ескерту. 4-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 18.03.2016 № 151 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

5. Көрсетілген көлік түрлерімен жол жүрген кезде дипломатиялық қызмет персоналына әуежайлық, сақтандыратын және комиссияндық алымдардың төлемдеріне арналған шығыстар, сондай-ақ дипломатиялық қызмет персоналы немесе оның отбасы мүшелері жол жүретін көлік түрлеріне арналған жолақы билеті бойынша тегін тасымалдау үшін рұқсат етілген жүк мөлшеріне қарамастан, дипломатиялық қызмет персоналы үшін де, сондай-ақ оның отбасының әрбір мүшесі үшін де қол жүгінің салмағы есепке алынбастан, жалпы салмағы 80 кг-нан аспайтын, ал бүкіл отбасына 240 кг-дан аспайтын жүкті тасымалдау шығыстары өтеледі.

Жолжүгі дипломатиялық қызмет персоналынан бөлек жеткізілген жағдайда, жолжүкті жеткізу құны дипломатиялық қызмет персоналы және оның отбасы мүшелері сапар шегетін көліктегі жүкті тасымалдау тарифтерінен аспауы тиіс.

Дипломатиялық қызмет персоналы шетелдегі мекемелерден іс жүзінде қайтып оралғаннан кейін жолжүкті жіберу бойынша шығыстар өтелмейді.

Ескерту. 5-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 18.03.2016 № 151 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

6. Жұмыс орнына және қайтадан Қазақстан Республикасына жол жүрген уақыты үшін дипломатиялық қызмет персоналына және оның отбасы мүшелеріне тәулікақы:

1) Қазақстан Республикасы аумағы бойынша жол жүрген кезінде - Қазақстан Республикасының шегіндегі іссапарлар үшін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық кесімдерінде белгіленген тәртіппен және мөлшерде;

2) шет мемлекеттің аумағы бойынша жол жүрген кезде - шет мемлекеттерге іссапарлар үшін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық кесімдерінде белгіленген тәртіппен және мөлшерде төленеді.

7. Қазақстан Республикасынан жол жүрген кезде Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын кесіп өткен күн тәулікақы шетелдік валютада төленетін күндерге қосылады, ал Қазақстан Республикасына жол жүрген кезде Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын кесіп өткен күн тәулікақы ұлттық валютада төленетін күндерге қосылады.

8. Шетелге жол жүрген және Қазақстан Республикасына қайта оралған кезде Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын кесіп өткен күн Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын күзету және қорғау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органның дипломаттық немесе қызметтік паспорттарға, Қазақстан Республикасы азаматының паспортына қойған белгісі бойынша анықталады.

9. Жол жүріп бара жатқанда мәжбүрлі түрде кідірген жағдайда (науқастануы, қызметтік тапсырма, форс-мажорлық мән-жайлар) кідірген уақыты үшін тәулікақы мен тұрғын үй-жайды жалға алу жөніндегі шығыстар мәжбүрлі түрде кідіру фактісін растайтын құжаттар ұсынылған кезде төленеді.

Қазақстан Республикасының аумағы бойынша жол жүріп бара жатып кідірген кезде кідіріс уақыты үшін тәулікақы мен тұрғын үй-жайды жалға алу жөніндегі шығыстар Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық кесімдерінде Қазақстан Республикасының шегіндегі іссапарлар үшін белгіленген нормалар бойынша ұлттық валютада төленеді.

Шет мемлекеттің аумағы бойынша жол жүріп бара жатып кідірген кезде кідіріс уақыты үшін тәулікақы мен тұрғын үй-жайды жалға алу жөніндегі шығыстар аумағында кідіріс болған шет мемлекет үшін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық кесімдерінде белгіленген нормалар бойынша шетелдік валютада төленеді.

10. Жүру жолында дипломатиялық қызмет персоналы немесе олармен бірге келе жатқан отбасы мүшелері науқастанған жағдайда және екінші адамның

көмегінсіз қала алмайтын болса, осыған байланысты мәжбүрлі түрде кідірген уақыт үшін тәулікақы мен тұрғын үй-жайды жалға алу жөніндегі шығыстар екі айдан аспайтын уақытқа төленеді.

11. Отбасы мүшелері дипломатиялық қызмет персоналынан бөлек шет мемлекетке және кері қарай Қазақстан Республикасына жол жүрген жағдайда, отбасы мүшелеріне олардың қайта оралуы бойынша іс жүзіндегі шығыстары, оның ішінде жүкті тасымалдау және жолдағы аялдамаларда тұрғын үй-жайды жалға алу жөніндегі шығыстары дипломатиялық қызмет персоналы үшін белгіленген нормалар бойынша өтеледі.

Дипломатиялық қызмет персоналы министрліктен Қазақстан Республикасының шетелдегі мекемесіне іссапарға жіберілген кезде оның отбасы мүшелері шет мемлекетке Қазақстан Республикасынан тыс мемлекеттен жол жүрген жағдайда, отбасы мүшелерінің көрсетілген жол жүру шығыстары Қазақстан Республикасынан шет мемлекетке жол жүру құнынан аспайтын нақты шығыстар бойынша өтеледі.

Ескерту. 11-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 18.03.2016 № 151 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

12. Дипломатиялық қызмет персоналының және олардың отбасы мүшелерінің Қазақстан Республикасынан шет мемлекетке және кері қарай Қазақстан Республикасына жол жүруі жөніндегі шығыстары бір мезгілде өтеледі.

Дипломатиялық қызмет персоналының немесе отбасы мүшелерінің ауыр науқасына, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың, қарулы немесе азаматтық жанжалдардың туындау қаупіне немесе орын алу фактісіне байланысты, сондай-ақ басқа да кейінге қалдыруға болмайтын себептер бойынша ерекше жағдайларда және Министрдің келісімі бойынша дипломатиялық қызмет персоналы және олардың отбасы мүшелері болған мемлекеттен Қазақстан Республикасына жол жүруі қажеттілігі кезінде дипломатиялық қызмет персоналының және олардың отбасы мүшелерінің шет мемлекеттен Қазақстан Республикасына және кері қарай шет мемлекетке жол жүру шығыстары өтеледі.

3. Еңбекке ақы төлеу

13. Қазақстан Республикасының шетелдік мекемелеріне жұмысқа жіберілген дипломатиялық қызмет персоналының еңбегіне ақы төлеу Қазақстан Республикасының Президенті бекітетін, Қазақстан Республикасы мемлекеттік бюджетінің және Ұлттық Банктің сметасы (бюджеті) есебінен қамтамасыз етілетін Қазақстан Республикасы органдары қызметкерлерінің еңбегіне ақы

төлеудің бірыңғай жүйесі негізінде белгіленеді және белгіленген лауазымдық жалақысы мен оларға ақшалай төлемдер негізге алына отырып, ұлттық және шетелдік валютада жүргізіледі.

14. Қазақстан Республикасының шетелдегі мекемелеріне жұмысқа жіберілген дипломатиялық қызмет персоналының жалақысы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын кесіп өткен күнінен бастап (қызметке тағайындалған күні) дипломатиялық қызмет персоналының іссапардан министрлікке қайтарылған не сыртқы ротация шеңберінде басқа шетелдегі мекемеге ауысқан кезде болу мемлекетінің Мемлекеттік шекарасын кесіп өту күнінің алдыңғы күніне дейін (қызметтен босатылған күн) төленеді және белгіленген ақшалай үстемеақыны ескере отырып, ұлттық валютадағы лауазымдық жалақысы мен шетелдік валютадағы лауазымдық жалақысы негізінде белгіленеді. Дипломатиялық қызмет персоналы іссапардан министрлікке қайтарылған не сыртқы ротация шеңберінде басқа шетелдегі мекемеге ауысқан кезде болу мемлекетінің Мемлекеттік шекарасын кесіп өту күніне жалақы төленбейді.

Қазақстан Республикасының шетелдегі мекемелеріне жұмысқа жіберілген дипломатиялық қызмет персоналының ұлттық валютадағы лауазымдық жалақысы министрліктің орталық аппараты қызметкерлерінің теңестірілген қызметтері бойынша жалақысының 25 пайызы мөлшерінде белгіленген ақшалай төлемдерімен белгіленеді.

Қазақстан Республикасының шетелдегі мекемелеріне жұмысқа жіберілген дипломатиялық қызмет персоналының шетелдік валютадағы лауазымдық жалақысы дипломатиялық қызмет персоналының Қазақстан Республикасының шетелдегі мекемесінде тағайындалған қызметі бойынша белгіленеді.

Ескерту. 14-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 18.03.2016 № 151 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

15. Толық емес ай үшін ұлттық және шетелдік валютадағы жалақы белгіленген ақшалай төлемдері бар айлық лауазымдық жалақысы және осы айдағы іс жүзінде жұмыс істеген күндерінің мөлшері негізге алынып белгіленеді.

16. Шетелдегі дипломатиялық қызмет персоналына шетелдік валютадағы жалақы ай сайын, оның ішінде аванс түрінде де (алдын ала) төленеді.

Дипломатиялық қызмет персоналының ұлттық валютадағы жалақысын министрлік Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан банктік ұйымның есеп шотына ай сайын аударады.

4. Жұмыс уақыты және демалыс уақыты

17. Қазақстан Республикасының әрбір шетелдік мекемесі үшін ішкі еңбек кестесінің ережесін Қазақстан Республикасының тиісті шетелдік мекемелері

басшыларының ұсынысы бойынша болған мемлекеттің жағдайларына сәйкес министрлік белгілейді.

18. Шетелдегі дипломатиялық қызмет персоналы үшін жұмыс уақыты мен демалыс уақытының ұзақтығы, оның ішінде мереке күндері - болған мемлекеттік заңнамасында белгіленген ерекшеліктер ескеріле отырып, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес белгіленеді.

Демалыс күндері жергілікті жағдайларға сәйкес белгіленеді.

19. Осы шарттарға қосымшаға сәйкес ыстық және ылғалды климаты бар шет мемлекеттердегі дипломатиялық қызмет персоналы үшін 36 сағаттық жұмыс аптасы белгіленеді.

20. Жыл сайынғы ақы төленетін еңбек демалыстарының кестесін Қазақстан Республикасының шетелдегі мекемесінің басшысы бекітеді.

21. Шетелде жұмыс істейтін дипломатиялық қызмет персоналына жыл сайынғы еңбек демалысына ақы төлеуді есептеу Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүргізіледі.

Жыл сайынғы ақы төленетін кезекті еңбек демалысына шыққан кезде шетелде жұмыс істейтін дипломатиялық қызмет персоналына күнтізбелік жылда бір рет министрлікте иеленген соңғы қызметі бойынша лауазымдық жалақысының екі еселенген мөлшерінде сауықтыру жәрдемақысы төленеді. Егер дипломатиялық қызмет персоналы шетелде жұмыс істеу алдында министрлікте қызмет атқармаса, оған сауықтыруға арналған жәрдемақы министрліктің орталық аппаратындағы персоналдың қызметіне теңестірілген қызмет бойынша лауазымдық жалақы негізге алынып есептеледі.

Ескерту. 21-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 18.03.2016 № 151 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

22. Жыл сайынғы ақы төленетін еңбек демалысын өткізу үшін Қазақстан Республикасына жол жүрген кезде дипломатиялық қызмет персоналына және оның отбасы мүшелеріне шетелдегі жұмыс орнынан Қазақстан Республикасының аумағындағы алғашқы межелеген пунктке дейінгі жолақысының құны және Қазақстан Республикасының аумағындағы соңғы жөнелту пунктінен шетелдегі жұмыс орнына дейін кері қайту жолақысының құны, жолжүгін тасымалдау және тұрғын үй-жайды жалға алу бойынша шығыстарды қоспағанда, осы шарттардың 4-тармағында белгіленген нормалар бойынша күнтізбелік жылда бір рет төленеді

Демалысын басқа мемлекетте өткізген кезде дипломатиялық қызмет персоналына және олардың отбасы мүшелеріне шетелдегі жұмыс орнынан

демалысын өткізетін орынға дейін және кері қайту жолақы құны төленеді, бірақ оның мөлшері Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын орнына дейінгі және кері қайту жолақысының құнынан артық емес.

Ескерту. 22-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 18.03.2016 № 151 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

23. Дипломатиялық қызмет персоналы Қазақстан Республикасының шетелдегі мекемесіне жұмысқа жіберілген кезде не дипломатиялық қызмет персоналы сыртқы ротация шеңберінде шетелден министрлікке жұмысқа қайтып оралған кезде жаңа жұмыс орны бойынша жыл сайынғы ақы төленетін еңбек демалысы алдыңғы жұмыс орнында жұмыс жасаған уақыты мен пайдаланылған еңбек демалысының ұзақтығы ескеріліп беріледі.

Дипломатиялық қызмет персоналы ротация процесінен тыс жағдайда қызметтен босатылған кезде оған пайдаланылмаған жыл сайынғы ақысы төленетін еңбек демалысы үшін өтемақы төлемі төленеді.

Ескерту. 23-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 18.03.2016 № 151 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

5. Қызметтерді қоса атқару және уақытша жұмыста болмаған персоналдың міндеттерін орындау

24. Қазақстан Республикасының шетелдік мекемесіндегі дипломатиялық қызмет персоналының қызметін қоса атқару тәртібімен жұмысты орындауға, сондай-ақ уақытша жұмыста жоқ дипломатиялық қызмет персоналын ауыстыру үшін дипломатиялық қызмет персоналын Қазақстан Республикасының басқа шетелдік мекемесіне ауыстыруға министрлікпен келіскеннен кейін жол беріледі.

Қызметтерді қоса атқару кезінде, сондай-ақ уақытша жұмыста болмаған дипломатиялық қызмет персоналын ауыстырған кезде еңбекке ақы төлеу Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

25. Қазақстан Республикасының бір шетелдік мекемесінің дипломатиялық қызмет персоналын басқа шетелдік мекемеге уақытша ауыстырған жағдайда, дипломатиялық қызмет персоналына, ол уақытша баратын және кері қайтатын шетелдегі мекеме орналасқан жерге дейінгі жол жүруге байланысты шығыстар төленеді.

6. Материалдық және әлеуметтік қамтамасыз ету, кепілдіктер мен өтемақылар

26. Қазақстан Республикасының шетелдік мекемесіне жұмысқа жіберілген дипломатиялық қызмет персоналына оның Министрдің бұйрығымен тағайындалған қызметіне сәйкес:

1) белгіленген ақшалай төлемдерімен бірге ұлттық валютада қызметтік жалақысының 100 пайызы мөлшерінде (төлемді Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі жүргізеді);

2) шетелдік валютада қызметтік жалақысының 50 пайызы мөлшерінде (төлемді қаржыландыру жоспарында көзделген қаражат есебінен шетелдік мекеме жүргізеді) бір жолғы жәрдемақы төленеді.

Дипломатиялық қызмет персоналын Қазақстан Республикасының шетелдегі мекемесіне Қазақстан Республикасының басқа шетелдегі мекемесінен жұмысқа жіберген кезде алдыңғы шетелдегі мекемеде жұмыс жасаған мерзіміне карамастан бір жолғы жәрдемақы қайтадан төленбейді.

Ескерту. 26-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 18.03.2016 № 151 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

27. Шетелде болған кезеңінде дипломатиялық қызмет персоналының отбасы мүшесі ауырған жағдайда, егер оған күтім жасамау науқастың өміріне немесе денсаулығына қауіп төндіретін болса және егер оның көрсеткіштері болған кезде медициналық мекемеге орналастыру мүмкін болмаса, ал отбасы мүшелерінің ішінде науқасқа күтім жасайтын басқа отбасы мүшесі болмаса, онда уақытша еңбекке жарамсыздығы жөніндегі жәрдемақы Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен дипломатиялық қызмет персоналына төленеді.

28. "Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне сәйкес айқындалатын отбасының бір мүшесі қайтыс болған жағдайда, дипломатиялық қызмет персоналына министрліктің қаражаты есебінен Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған мөлшерде бір жолғы ақшалай жәрдемақы, сондай-ақ осы шарттардың 32-тармағында белгіленген тәртіппен барар және қайтар жолға көліктік шығыстардың төлемі ұлттық валютада төленеді.

Ескерту. 28-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 18.03.2016 № 151 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

29. Қазақстан Республикасының аумағында іссапарда немесе еңбек демалысында болған кезеңінде еңбекке жарамсыздығы уақыты үшін дипломатиялық қызмет персоналы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ұлттық валютада уақытша еңбекке жарамсыздығы жөніндегі жәрдемақы төленеді, ал егер дипломатиялық қызмет персоналының асырауындағылар осы

уақытта шетелде жүрсе - Қазақстан Республикасының шетелдегі мекемесін қаржыландыру жоспарында көзделген қаражат есебінен дипломатиялық қызмет персоналының лауазымдық жалақысының 25 пайызы мөлшерінде шетелдік валютада жалақы төленеді. /

30. Жүктілігіне және босануына байланысты демалыс беру үшін Қазақстан Республикасының шетелдегі мекемесіне жіберілген дипломатиялық қызмет персоналы Қазақстан Республикасына шақырылып, министрлікте штаттық қызметке есепке алынады.

31. Шетелде бала туғанына жәрдемақы төлеу Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен және мөлшерде жүргізіледі.

32. Дипломатиялық қызмет персоналы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен міндетті түрдегі әлеуметтік сақтандыруға жатады.

Шетелде жұмыс істеген кезеңде дипломатиялық қызмет персоналы мен олардың отбасы мүшелерін медициналық қамсыздандыру шығыстары Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен кепілдендірілген тегін медициналық көмек көлемінің тізбесіне сәйкес министрлік Қазақстан Республикасының әрбір шетелдегі мекемесі үшін белгілеген шығыстар лимитінің шектерінде медициналық сақтандыру, болу еліндегі медициналық мекемелерімен шарттар жасасу не медициналық көмек үшін нақты өтініш жасау жолымен жүзеге асырылады.

Медициналық қамсыздандыру шығыстары белгіленген нормалардан асып кеткен жағдайда олар дипломатиялық қызмет персоналының жеке қаражаты есебінен өтелуге тиіс.

Ескерту. 32-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 18.03.2016 № 151 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

32-1. Шетелде жұмыс істеген кезеңде дипломатиялық қызмет персоналының балаларына мектепке дейінгі тәрбие беру және оларды оқыту, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру шығыстары министрлік Қазақстан Республикасының әрбір шетелдегі мекемесі үшін белгілеген шығыстар лимитінің шектерінде жүзеге асырылады.

Мектепке дейінгі тәрбие беру және оларды оқыту, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру шығыстары белгіленген нормалардан асып кеткен жағдайда олар дипломатиялық қызмет персоналының жеке қаражаты есебінен өтелуге тиіс.

Ескерту. 32-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 18.03.2016 № 151 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

7. Іссапарлар кезінде дипломатиялық қызмет персоналының кепілдіктері және өтемақылары

33. Дипломатиялық қызмет персоналын Қазақстан Республикасына қызметтік іссапарға жіберген кезде іссапар мерзімін министрлікпен келісімі бойынша шетелдегі мекеме басшысы, ал келген шет мемлекетке және басқа шет мемлекеттерге қатысты іссапар мерзімін Қазақстан Республикасының шетелдегі мекемесінің басшысы белгілейді.

34. Дипломатиялық қызмет персоналы үшін іссапардың бүкіл уақыты ішінде айналысатын қызметі мен ұлттық және шетелдік валютадағы орташа жалақысы сақталады.

Қазақстан Республикасының аумағында қызметтік іссапарларда болған уақытысы үшін дипломатиялық қызмет персоналына Қазақстан Республикасының шегінде қызметтік іссапарлар үшін белгіленген нормалар бойынша ұлттық валютада тәулікақы, шетелден Қазақстан Республикасына және кері қарай жүретін жолақы құны, Қазақстан Республикасы бойынша жолақы құны, сондай-ақ Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық кесімдерінде белгіленген мөлшерде тұрғын үй-жайды жалға алу жөніндегі шығыстар төленеді.

Шет мемлекеттің аумағы бойынша жол жүрген уақытында дипломатиялық қызмет персоналына Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде тиісті мемлекетке қызметтік іссапарлар үшін белгіленген нормалар бойынша төлқұжаттағы мемлекеттік шекарадан өту жөніндегі мөртабандар негізінде немесе бір шет мемлекеті шеңберіндегі іссапарлар кезінде немесе мемлекеттік шекарада төлқұжаттық бақылау болмаған жағдайда, Қазақстан Республикасының шетелдегі мекеме басшысының бұйрығы негізінде тәулікақы, сондай-ақ тұру шығыстарын растайтын құжаттар негізінде тұрғын үй-жайды жалға алу бойынша шығыстар шетелдік валютада өтеледі.

Ескерту. 34-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 18.03.2016 № 151 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

35. Қазақстан Республикасының аумағы немесе шет мемлекеттің аумағы бойынша жол жүруі кезінде вокзалға, әуежайға немесе айлаққа (такси қызметінен басқасы) дейінгі, сондай-ақ вокзалдан, әуежайдан немесе айлақтан (такси қызметінен басқасы) аттанатын, баратын немесе басқа көлікке ауысатын орындарға дейінгі жолақысының шығыстары, сондай-ақ әуежайлық, сақтандыру және комиссиялық алымдардың төлемі жөніндегі шығыстары өтеледі.

Қазақстан Республикасының шетелдегі мекемелерінің персоналы Қазақстан Республикасының шетелдегі мекемелері жоқ шет мемлекеттерге, сондай-ақ болу

мемлекетінің шеңберінде іссапарға жіберілген кезде автокөлікті жалдауға жұмсалған (қабылдаушы тарап автокөлік ұсынған жағдайды қоспағанда) және байланыс шығыстарын өтеу рұқсат етіледі.

Ескерту. 35-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 18.03.2016 № 151 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

36. "VIP" залдары қызметтерінің төлемдері бойынша шығыстарды өтеу Қазақстан Республикасының шетелдегі мекемелерінің басшыларына ғана жүргізіледі.

37. Су көлігімен жол жүру кезінде, егер билеттің бағасына тамақтанудың құны енгізілген болса, баратын мемлекетке келу күнін қоса алғанда, жолға кеткен әрбір күнтізбелік күн үшін белгіленген нормалардың 30 пайызы мөлшерінде тәулікақы төленеді.

8. Еңбекті қорғау

38. Дипломатиялық қызмет персоналының еңбек шарттары келген мемлекетте белгіленген ерекшеліктер ескеріле отырып, Қазақстан Республикасында белгіленген еңбекті қорғау жөніндегі стандарттардың, ережелердің және нормалардың талаптарына сәйкес болуы тиіс.

9. Қорытынды ережелер

39. Дипломатиялық қызмет персоналының Қазақстан Республикасының шетелдегі мекемелерінде жұмыс істеген уақыты оның еңбек өтіліне және мемлекеттік қызмет өтіліне есептелінеді.

Олардың Қазақстан Республикасының шетелдердегі мекемелерінде болуы (жұмысы) туралы еңбек кітапшаларына жазбалар түсіруді министрлік жүргізеді.

40. Министрліктен Қазақстан Республикасының шетелдегі мекемесіне және Қазақстан Республикасының шетелдегі мекемесінен министрлікке жіберілетін дипломатиялық қызмет персоналына баратын орнына келісімен есеп айырысу үшін негіз болатын растамалық құжат - есеп айырысу аттестаты беріледі.

Есеп айырысу аттестатында дипломатиялық қызмет персоналының лауазымы, бірге баратын отбасы мүшелерінің құрамы, төлемақы нормалары, бағыттары, дипломатиялық қызмет персоналының межелі және баратын орны, оның алатын барлық ақшалай төлемдері көрсетіледі.

Ескерту. 40-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 18.03.2016 № 151 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

41. Қазақстан Республикасының шетелдегі мекемесіне жұмысқа іссапарға жіберілген және есеп берілетін ұлттық және шетелдік валюта мен жол жүру билеттерін алған дипломатиялық қызмет персоналы Қазақстан Республикасының шетелдегі мекемесіне келгеннен кейін 15 күнтізбелік күн ішінде Министрлікке аванстық есеп беруді тапсыруға міндетті. Аванстық есеп беруді тапсырмаған жағдайда, берілген аванс пен жол жүру билеттерінің құны дипломатиялық қызмет персоналының жалақысы есебінен қайтарылуы немесе өтелуі тиіс.

42. Осы шарттардың 26-тармағында көрсетілген, жұмысқа жіберілген кезде берілетін біржолғы жәрдемақы дипломатиялық қызмет персоналы шетелден Қазақстан Республикасына оралған жағдайда (тәртіптік теріс қылықтар жасағаны үшін министрлік дипломатиялық қызмет персоналын жұмыстан шығарған жағдайларды қоспағанда) қайтарылуға жатпайды.

43. Қазақстан Республикасының шетелдегі мекемелеріндегі еңбек даулары Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қаралады.

Шетелдегі дипломатиялық қызмет
персоналының еңбек шарттарына
қосымша

Ыстық және дымқыл климатты мемлекеттердегі жұмыс уақытысының ұзақтығы

Ыстық және дымқыл климатты мемлекеттерде тұратын Қазақстан Республикасының шетелдегі мекемелерінің персоналы үшін жылдың мынадай айларында 36 сағаттық апта белгіленеді:

- Египет Араб Республикасы маусым - қыркүйек
- Ауғанстан Ислам Республикасы мамыр - тамыз
- Грек Республикасы маусым - қыркүйек
- Израиль Мемлекеті маусым - тамыз
- Иран Ислам Республикасы маусым - тамыз
- Пәкістан Ислам Республикасы қаңтар - желтоқсан
- Кипр Республикасы маусым - тамыз
- Қытай Халық Республикасы маусым - тамыз
- Сауд Арабиясы Корольдігі қаңтар - желтоқсан
- Таиланд Корольдігі қаңтар - желтоқсан
- Малайзия қаңтар - желтоқсан
- Монғолия маусым - тамыз
- Біріккен Араб Әмірліктері қаңтар - желтоқсан
- Түркия Республикасы 15 маусым - 31 тамыз
- Үндістан Республикасы қаңтар - желтоқсан
- Корея Республикасы маусым - тамыз

Жапония маусым - тамыз

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК